



Салық туралы не білу қажет?



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы

ойдан бизнеске

Copyright © 2005

Сұрақтар мен жауаптар

Ақпарат ағымы өте үлкен қазіргі заман өмірінің шартарында әрбір адамның осы салық салу мәселесіне ерекше көңіл аударуы тиіс. Себебі адамның ұйымдастырған кез келген қызметі және одан туындайтын мақсаты- пайда табу, еліміздің салық заңының ауқымыны кіреді. Сол себепті салық туралы заңды білу көптеген адамдардың қызығушылығын тудырады.

Қазіргі нарықтық экономиканың даму кезеңінде салық- мемлекеттің қызмет етуін қаржыландыратын негізгі көз болып табылады. Мемлекет өз кезегінде елде болып жатқан экономикалық өзгерістерге барынша әсер етіп, оны қоғамға пайдалы даму саласына бағыттай алады. Салық төлеуші мен мемлекеттің міндетті салық төлеу мәселесіндегі қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының салық және басқада міндетті бюджеттік төлемдер туралы Кодексіне негізделеді. Кодекс салықтың міндетті төленуіне және басқада міндетті бюджеттік төлемдерге , анықтылыққа, салықтың әділдік принципіне негізделген.

1) Салық дегеніміз не?

Салық - бұл мемлекетпен заңда түрде бекітілген құзырлы орган тарапынан бір жақты ретпен және сәйкес құқықтық негізде мемлекет кірісіне міндетті ақшалай немесе нақты төлем, ол- қайтарымсыз, эквивалентсіз және тұрақты түрде белгілі мөлшерде төленіп тұрады.

2) Салық режимі дегеніміз не?

Салық режимі - Кодекспен белгіленген барлық салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдерді есептеу кезінде салық төлеушімен қолданатын салық заңының нормаларының бірлестігі

3) Салық құқығы дегеніміз не?

Салық құқығы – салықтық міндеттемені салық төлеушінің өз бетінше есептеуі және құзырлы орган тарапынан салық төлемдерінің толық төленуін қадағалау,яғни салық комитеті; төлем жасаудан жалтарған кезде күш қолданып төлем алу, салық заңын бұзған тұлғаларды бекітілген заңды жауапкершілікке тарту. Салық құқығының мазмұны – сәйкесінше салық салудың деңгейі - салықтық-құқықтық нормалардың нұсқауларын жүзеге асыруға тартылған тек мемлекеттік орган қызметкерлеріне байланысты емес, ол салықтық міндеттемені орындауға тартылған барлық азаматтарға да қатысты.

4) Салық міндеттемесі дегеніміз не?

Салық міндеттемесі – салық заңына сәйкес салық төлеушінің мемлекет алдында туындайтын міндеттемесі. Өз кезегінде салық төлеуші салық органында тіркеу есебіне тұруы қажет, салық салым нысандарын және салық салымына байланысты нысандарды анықтауы тиіс, салықтарды және басқада бюджетке міндетті төлемдерді есептеуі қажет, салық есебін жүргізуі қажет, және оны белгіленген уақытында ұсынуы тиіс және салықтарды және басқада бюджетке міндетті төлемдерді төлеуі тиіс.

5) Салық салудың нысаны болып не табылады?

Салық салудың нысандары – салық төлеушінің әрбір салық түрі және басқада бюджетке міндетті төлемдер негізінде салық міндеттемесі болып туындайтын меншік пен іс-әрекет.



Салық туралы не білу қажет?

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

6) Салық базасы дегеніміз не?

Салық базасы – салық салынатын нысанның құндық, заттық немесе басқада көрсеткіштері, және бюджетке төлеуге жататын, салық салымына байланысты нысанның және соның негізінде салық сомасы және басқада міндетті төлемдер анықталатын көрсеткіштер .

7) Салық өлшемі?

Салық өлшемі – салық базасының өлшем бірлігіне есептелетін салық көлемі, салық өлшем бірлігіне пайызбен немесе абсолютті сомамен белгіленеді.

8) Салық кезеңі дегеніміз не?

Салық кезеңі - бөлек салықпен басқада міндетті төлемдерге қолдануға бекітілген уақыт кезеңі, бұл кезеңнің бітуімен салық базасы анықталады және бюджетке төлеуге жататын салық сомасымен басқада міндетті төлемдер есептеледі.

9) Салық функциясы?

Салық функциясы – бұл салықтың мақсаты және тапсармасымен анықталуы, оның іс-әрекеттегі барлығын негізгі үш: фискалды, экономикалық және әлеуметтік бағытта көрсетуі .

Біздің ойымызша салық функциялары тапсырма беріліп қойған бір нәрсе емес, олар мемлекетпен бірге, және экономикада ойнайтын рөліне қарай, сонымен қатар экономика моделіне қарай түрлері өзгереді. Бірақ қандай бір жағдай болмасын салық мемлекеттің тіршілік ету көзі және қаржыландыру әдісі болып табылады.

Сонымен салық заңының негізін білу, салық міндеттемесін мойнына алған кез келген адамның білуі қажет, және бұл ежелгі заң

Сонымен салық заңының негіздерін білу, қандай да бір болмасын салық міндеттерінің жауапкершілігін мойнында таситын әрбір азамат үшін қажет. Мұнда ежелгі заңға қатысты қағиданы есте сақтау керек: «Заңды білмеу, оны бұзғаннан кейінгі жауапкершіліктен босатпайды».



Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай.

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!

Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
 - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
 - Салық есебін құру және тапсыру
 - Қаржыны жоспарлау
-

Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.

Байланыс адресі:

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева
«СодБи» Бизнес-инкубаторы
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент
Тел. +7 (3252) 570378, 512003
e-mail: l.ismatullayeva@sodbi.kz
Веб-сайт: www.sodbi.kz*

